«Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатын қарау қорытындысы

Түркістан қаласы 30 қаңтар 2026 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестіктк қорғау және дамыту агенттігінің *(бұдан әрі – Агенттік)* Түркістан облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* «Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі - Басқарма)* 2026 жылғы 20 қаңтардағы №46/82 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды *(бұдан әрі - Қорытынды)* беру туралы өтініш хат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі - Қағидалар)* 2-тарауының 14-тармағын басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасында, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

2. Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

- Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер (ТЖҚК: 841119.000.000004).

3. Тапсырыс беруші – «Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Әлеуетті жеткізуші – «Turkistan» индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БСН – 141040014189.

4. Жоспарланған қызметтердің тауар нарығын анықтау мақсатында, Департамент тарапынан «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне *(бұдан әрі – Статистика департаменті)* 2026 жылғы 21 қаңтардағы №02-09/86 хаты жолданды.

«Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 27 қаңтардағы №46/133 ұсынған ақпаратына сәйкес, *«Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»* қызметінің қосымша сипаттамасын ұсынды:

1. индустриялық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

2. индустриялық аймақтың қатысушыларына жер учаскелерін беру және инфрақұрылым объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;

3. қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасау және бұзу;

4. индустриялық аймақтар қатысушыларының тоқсан сайынғы есептері негізінде, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну;

5. индустриялық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту.

Статистика департаментінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы №13-05-04/194 ұсынған ақпаратына сәйкес, жоғарыда көрсетілген **1,3,4,5 тармақтарында** көрсетілген қызмет түрлері бойынша - **экономикалық қызмет түрі болып табылмайды**.

2 тармақ бойынша «Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару» «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» *(бұдан әрі - ЭҚЖЖ)* «*Меншікті немесе жалға берілетін мүлікті жалға беру және басқару» 68.20* класта жіктелетіндігі көрсетілген.

«Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 1-бабына сәйкес:

9) **индустриялық аймақ** – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

10) **индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы** – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

Заңының 33-бабының 3-тармағына сәйкес:

Индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына индустриялық аймақтың құрылу мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беріледі.

Басқарушы компания республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушыларына осы Заңға сәйкес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың негізінде жер учаскелерін береді.

Бұл ретте **<u>жер учаскелерін индустриялық аймақтың қатысушыларына беру үшін оларды бөлуді индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы жүзеге асырады</u>**. Мұндай бөлу кезінде таңдау тәсіліне жол берілмейді.

Сонымен қатар, Заңының 33-бабының 4-тармағына сәйкес, уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған **инфрақұрылым объектілері индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға**, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталды толықтыру есебіне **берілуі мүмкін**.

Осыған байланысты, Статистика департаментінің жауабына сәйкес көрсетілген қызмет ЭҚЖЖ 68.20 класы бойынша жіктелгенімен, Заңға сәйкес индустриялық аймақтың қатысушыларына жер учаскелерін беру және оларды бөлу өкілеттігі индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына тиесілі.

Осылайша, көрсетілген қызметті көрсету заңнамалық түрде индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына бекітілген және тиісінше, аталған қызмет бойынша өзге жеке кәсіпкерлердің немесе нарық субъектілерінің болуы көзделмеген.

Осы ретте, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша 2024 және 2025 жылдары Түркістан облысы географиялық шекарасында *Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер (ТЖҚК: 841119.000.000004)* сұратылған қызмет түрі бойынша **конкурс өтпеген**.

5. Түркістан облысы географиялық шекарасында *Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер (ТЖҚК: 841119.000.000004)* бойынша **- жеке кәсіпкерлік субъектісі** тіркелмеген.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу порталына жүргізілген талдау бойынша Түркістан облысы географиялық шекарасында *Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер (ТЖҚК: 841119.000.000004)* сұратылған қызмет түрі бойынша **конкурс өтпегендігі анықталды**.

6. Қорытындының колданылу мерзімі **- 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

7. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, **Түркістан облысы** географиялық шекарасында *Индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер (ТЖҚК: 841119.000.000004)* қызметін жүзеге асыра алатын нарық субъектілері субъектілері жоқ екендігі пайымдауға болады.

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады**.

Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы Колибай В. О.

Бәсекелестікті дамыту бөлімінің бас маманы	**Мухамедвалиева Д.**
Бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы	**Жаманкулов Н.**
Департамент басшысының орынбасары	**Ахметов Б. Е.**
Департамент басшысы	**Турысбаев А.Б.**